



030000, Ақтөбе қаласы, Грншина 1
Тел 53-30-81
E-mail: aktobedaryn2017@mail.ru
2024 жыл "25" 09

№ 904

030000, город Ақтөбе, Грншина 1
Тел 53-30-81
E-mail: aktobedaryn2017@mail.ru
" " " " 2024 год

**Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшыларына,
облыстық білім беру ұйымдарының директорларына**

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы оқушыларды кіші буыннан бастап ғылымға баулу және жас зерттеушілерді қолдау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің 2-7 класс оқушылары арасында Республикалық "Зерде" атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарының конкурсы өтетіндігін хабарлайды.

Конкурс үш кезеңмен өтеді:

- I кезең - мектепшілік - 2024 жылғы 20 қазан;
- II кезең - аудандық, қалалық - 2024 жылғы 4 қараша;
- III кезең - облыстық - I тур - сараптама 2024 жылғы 14-15 қараша;
II тур - жоба қорғау, 2024 жылғы 20 қараша.

Конкурстың шарты:

Аудандық, қалалық кезеңде академиялық адалдық принциптеріне сәйкес оқушылардың жұмыстары «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеруден өтуі тиіс. Облыстық сараптамадан кейін «Антиплагиат» жүйесінің нәтижесі бойынша аудан, қала және облыстық білім беру ұйымдарына сараптама жасалатын болады.

Сұраныс қабылдау шарты:

Сұранысты төмендегі үлгі бойынша, секцияларға бөліп жұмыстардың электронды нұсқасын презентациясымен бірге оқушының толық аты-жөні көрсетілген документ/папка ретінде сақтап және қосымшада көрсетілген сандық есептерді толтырып darundu2020@mail.ru электрондық поштасына а.ж. 8 қарашаға дейін жіберу сұралады.

№	Оқушының аты-жөні	Ауданы, қаласы	Мектебі	Кл	Жобаның бағыты	Жобаның атауы	Оқу тілі	Жетекшісі	Әлеуметтік жағдайы

Ереже қоса жалғанады.

Ескерту: Кешіккен жұмыстар қабылданбайды. Облыстық кезеңінің өткізілу орны қосымша хабарланады.

Директор м.а.

А.Сақып

_____ ауданы (қаласы) бойынша 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсына қатысатын оқушылар тізімі

№	№	ЖСН	Аты-жөні (құжат бойынша)	Жоба тақырыбы	Секция	Жүлделі орны	Кл	жеке/топтық	Оқу тілі	мектебі (толық атауы)	Жетекшінің аты- жөні	ЖСН	Байланыс тел.
1	1							жеке					
2	2							жеке					
3	3							топтық					
4	3							топтық					
5	4							топтық					
6	4							топтық					



«Бекітемін»

«Дарын» республикалық
ғылыми-практикалық
орталығының директоры

Г. Тұрсынов
«11» сәуірт 2024 ж.

**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде»
республикалық зерттеу жобалары конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже 2-7 сынып оқушыларының "Зерде" республикалық зерттеу жобалары конкурсының (бұдан әрі - конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық - әдістемелік қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

1.3. Конкурстың мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

1.4. Конкурстың міндеттері - зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту проблемасына көпшіліктің назарын аудару.

II. Конкурс қатысушылары

2.1. Конкурсқа жас зерттеушілер 2-7 сынып оқушылары, жеке, сондай-ақ, командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын), зерттеу жобаларымен қатысады (әрі қарай - конкурс жұмыстары).

2.2. Жетекшілер конкурстың қорытынды кезеңінің өткізілуі орнына дейін және кері қайту жолында, оның өткізілуі барысында қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікте болады. Жетекшілер білім басқармасы басшысының бұйрығымен тағайындалады.

III. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңін өткізілу мерзімі мен өтетін орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, конкурстың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы-командалардың тізімін бекітеді, конкурстың қорытындысын шығарады жүлдегерлерді марапаттайды.

3.3. Қазылар алқасының құрамы жоғары оқу орындарының, колледждердің, мектептердің әртүрлі ғылым салаларындағы жетекші оқытушылар, әдіскерлер, ғалымдар қатарынан құрылады. Қазылар алқасының құрамына туыстары немесе тәрбиеленушілері конкурсқа қатысатын адамдар кіре алмайды. Республикалық кезеңнің қазылар алқасы облыстық, қалалық кезеңдердің қазылар алқасының құрамында болмауы тиіс.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурс жұмыстарын тексереді және бағалайды, жүлдегерлерді анықтайды.

3.5. Конкурс 4 кезеңде өткізіледі:

I кезең – мектепшілік, білім беру ұйымдарында өткізіледі;

II кезең – аймақтық, аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері өткізеді;

III екінші кезең – облыстық, «Дарын» жергілікті аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары және облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі - РББҰ) және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), «Бөбек» Ұлттық ғылыми практикалық білім беру ж/е сауықтыру орталығы (бұдан әрі – «Бөбек» ҰҒПББСО) өткізеді;

IV кезең (республикалық) – «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

3.6. Қорытынды кезеңде қатысушылардың конкурстық жұмыстары презентация арқылы қорғау жүргізіледі. Авторға (бірлескен авторларға) баяндама үшін 5-7 минут беріледі.

3.7. Конкурстың республикалық кезеңіне облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бөбек» ҰҒПББСО іріктеу кезеңінде бірінші орын иеленген жеңімпаздар тарапынан құрылған құрама командалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір секцияға 1 зерттеу жобасын (кіші жастағы топ-2-4 сыныптар, ересек жастағы топ - 5-7 сыныптар) және әр топқа екі жетекші ұсынады.

3.8. Конкурстың республикалық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бөбек» ҰҒПББСО ұйымдастыру комитетіне 2 апта бұрын жазбаша өтінімдері негізінде жіберу қажет (1-қосымша).

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Индекс Z05K5K8, Астана қаласы, Мәңгілік Ел данғылы, 8, БЦ Алтын Орда, каб. 208, тел: +7(7172) 57-01-60, e-mail: info@daryn.kz

3.9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бөбек» ҰҒПББСО ұйымдастыру комитетіне конкурстың I, II, III кезеңдерінің қорытынды есептерін және хаттамаларын ұсынады (2 қосымша).

3.10. Конкурса ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.11. Апелляция қарастырылмайды.

4.1. Конкурса 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

№	секция	пәні, факультатив
1	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ тілі мен әдебиеті
2	орыс тілі мен әдебиеті	орыс тілі мен әдебиеті
3	ағылшын тілі	ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі
4	математика, қолданбалы математика	математика
5	физика, космос	физика, технология
6	туризм және спорт	география, физкультура
7	тарих, өлкетану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
8	этномәдениеттану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
9	химия, биология	жаратылыстану
10	медицина, психология, экология	жаратылыстану, физкультура
11	информатика, робототехника STEM инженерия	информатика, робототехника (факультатив)
12	технология және өнер	музыка, еңбекке баулу, бейнелеу өнері

IV. Конкурса ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптар 5-7 сыныптарға

4.2. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап шығарушылық (жасампаздық) негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыстың көлемі 15 беттен аспауы керек. Беттерін нөмірлеу және жиегін қалдыру міндетті.

4.3. Конкурстық жұмысқа оқушы(-лар) жетекшісі пікір береді. Онда таңдалған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі. Зерттеу конкурстарының барлық кезеңдерінде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды, зерттеу барысында плагиатқа, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда,

ұйымдастыру комитеті тарапынан акт жасау арқылы жоба конкурсқа қатысудан шеттетіледі.

4.4. Титул парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;
- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты;
- орындаушы (аты-жөні, сыныбы, мектебі, (қаласы) ауданы, облысы);
- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, қызметі, жұмыс орны);
- жұмыс орындалған жыл.

4.5. Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, бұл жұмыста дипломдық жұмыстардан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен және басқа көздерден қайта жазылған нәтижелердің жоқтығын растайды. Оқушы өз бетінше зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдыларын игере отырып, өз деңгейіне сай жұмысты орындауы керек.

Конкурстық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар: теру шрифті- TimesNewRoman, қаріп өлшемі-14 кегль (жол аралығы 1,5 см), абзац шегінісі – 1,25 см; өрістер: жоғарғы, төменгі, оң -2 см, сол-3 см; төменгі ортадағы беттерді нөмірлеу.

Титул парағы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі - 2. Жұмыс мыналарды қамтиды: мазмұны, қазақ немесе орыс тілдеріндегі аннотация (зерттеу жұмысы қай тілде жазылғанына байланысты), мәтін компьютерде басып шығарылуы және қамтылуы керек:

- титул парағы;
- мазмұны;
- аннотация жоғары сыныптар үшін (120-150 сөзден аспайтын) жұмыстың негізгі ережелерінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс (жұмыстың қай тілде жазылғанына байланысты);
- кіріспе: жұмыстың өзектілігі мен орнын көрсетеді, зерттеу мәселесі бойынша әдеби деректерге (отандық және шетелдік) қысқаша талдау жасай отырып, әдебиетке шолу;
- зерттеу бөлімі: тақырыпты таңдауды негіздеу, зерттеу материалдары мен әдістері, эксперименттік бөлім, жұмыс нәтижелері және оларды талқылау;
- қосымша (көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер);
- қорытынды (нәтижелер, ұсынымдар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- титул тақырыбы
- фон мен мәтіннің түсі бір-біріне қарама – қарсы болуы керек (ақ фон-қара мәтін) 6 слайдтан аспауы керек. Слайдтарды жасау кезінде назар аударыңыз:

1. анимациялық эффектілерді теріс пайдаланбаңыз;
2. қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз;

3. слайд тақырыптарын бөлектеңіз;
4. теру шрифті – Times New Roman, қаріп өлшемі – 20, кегль - жол аралығы 1,5 см;
5. бір слайдты үлкен ақпаратпен толтырмаңыз.

Жұмыс құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- мақсат-міндеттер
- өзектілігі
- зерттеу сұрақтары (гипотеза)
- әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар)
- қорытындылар, нәтижелер

Қорғау барысында конкурстық жұмыстың презентациясына көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер немесе т. б. қосу қажет.

4.6. Оқушылардың жұмысы жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

Конкурса ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптар 2-4 сыныптарға

4.7. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап шығарушылық (жасампаздық) негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4.8 Конкурстық жұмысқа оқушы(-лар) жетекшісі пікір береді. Онда таңдалған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі. Зерттеу конкурстарының барлық кезеңдерінде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды, зерттеу барысында плагиатқа, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, ұйымдастыру комитеті тарапынан акт жасау арқылы жоба конкурса қатысудан шеттетіледі.

4.9 Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Оқушы өз бетінше зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдыларын игере отырып, өз деңгейіне сай жұмысты орындауы керек.

Конкурстық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар: теру шрифті- Times New Roman, қаріп өлшемі-14 кегль (жол аралығы 1,5 см), абзац шегінісі – 1,25 см; өрістер: жоғарғы, төменгі, оң -2 см, сол-3 см; төменгі ортадағы беттерді нөмірлеу.

Титул парағы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі - 2. Жұмыс мыналарды қамтиды: мазмұны, қазақ немесе орыс тілдеріндегі аннотация (зерттеу жұмысы қай тілде жазылғанына байланысты), мәтін компьютерде басып шығарылуы және қамтылуы керек:

- титул парағы;
- мазмұны;

- аннотация бастауыш сыныптар үшін (200 сөз), жұмыстың негізгі ережелерінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс (жұмыстың қай тілде жазылғанына байланысты);

Аннотация құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- мақсат-міндеттер
- өзектілігі
- зерттеу сұрақтары (гипотеза)
- әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар)
- қорытындылар, нәтижелер
- өнім жоба (көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- титул тақырыбы
- фон мен мәтіннің түсі бір-біріне қарама – қарсы болуы керек (ақ фон-қара мәтін) 5 слайдтан аспауы керек. Слайдтарды жасау кезінде назар аударыңыз:

1. Анимациялық эффектілерді теріс пайдаланбаңыз;
2. Қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз;
3. Слайд тақырыптарын бөлектеңіз;
4. Теру шрифті – Times New Roman, қаріп өлшемі – 20, кегль - жол аралығы 1,5 см;
5. Бір слайдты үлкен ақпаратпен толтырмаңыз.

Қорғау барысында конкурстық жұмыстың презентациясына көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер немесе т. б. қосу қажет.

4.10. Оқушылардың жұмысы жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

V. Қорытындысын шығару және марапаттау

5.1. Конкурс жұмыстарын бағалау келесі белгілер бойынша жүзеге асырылады:

- ұсынылған шешімдердің өзектілігі мен шешу жолдарының жаңашылдылығы (ерекшелігі);
- тақырыптың бірегейлігі, жобаның шынайылығы;
- жобаның нақты және маңызды нәтижелерінің болуы;
- жұмысты орындау мәдениеті, зерттеудің этикалық негіздерін, қағидаларын сақтау;
- баяндамашының құзыреттілігі, оның ішінде жоба бағыты шеңберінде диалог пен пікірталас жүргізу мүмкіндігі. (7-қосымша: бағалау критерийлері)

5.2. Жеңімпаздар әрбір секция бойынша және жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген екі жас категориясы бойынша анықталады:

- 2-4 сынып оқушылары;
- 5-7 сынып оқушылары.

Конкурстың қорытынды кезеңіндегі жеңімпаздар саны қорытынды кезеңге қатысушылардың жалпы санының 60% - құрауы тиіс. Жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен және "Дарын"РҒПО грамоталарымен марапатталады.

5.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

VI. Қаржыландыру

6.1. Іс-шараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.